

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Алатау" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 16 қазан N 1531

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "АЛАТАУ" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығымен құрылсын.

2. Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні мыналар болып анықталсын:

1) спорт ғимараттарын, спорттық жабдықтарды басқарумен және пайдаланумен байланысты қызметті жүзеге асыру;

2) спорт ғимараттарын ұстау, дамыту және құрылысын салу.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында тіркелуін өткізуді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі